



АЛАТАУ Ардагері



ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№38(48) 20 қыркүйек 2024 жыл

Қалалық ұйымдарда

ЖАҢА ТӨРАҒАЛАР САЙЛАНДЫ

ҚОНАЕВ қаласы. Қыркүйек айының басында Қонаев қаласында Алматы облысы ардагерлер ұйымының Пленумы болып өтті. Оған «Ардагерлер ұйымы Республикалық қоғамдық бірлестігі» Алматы облысы филиалының төрағасы Е.Тұрымбетов, Қонаев қаласы әкімінің орынбасары С.Нұрсолтанова, қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы Ж.Төребеков және аудандық, қалалық ардагерлер ұйымының төрағалары қатысты.



Пленумның күн тәртібіне төрт мәселе қойылды. Атап айтқанда Амангелді Дәнебекұлы Беспаявтың өз еркімен «Ардагерлер ұйымы республикалық қоғамдық бірлестігі» Қонаев қалалық филиалының төрағасы жұмысын тоқтатуы, Қонаев қалалық ардагерлер ұйымының кеңесі құрамын сайлау, Президиум мүшелерін және Қонаев қаласы ардагерлер ұйымының төрағасын сайлау мәселелері қаралды. Бірінші мәселе бойынша денсаулығына байланысты Амангелді Беспаявтың өтініші бірауыздан қабылданды. Қалалық ардагерлер ұйымы кеңесінің жаңа құрамы 25 адам болып бекітілді. Сондай-ақ, Президиум құрамы 9 адамнан болсын деген ұсыныс та қабылданды. Ардагерлер ұйымы кеңесінің мүшелерін және Президиум құрамын қаланың белсенді ардагері Бақытбек Мұхамедұлы Дәулетов таныстырды. Қалалық ардагерлер ұйымының төрағалығына Базарбай Бүркітбайұлы Оралбаев ұсынылып, бірауыздан сайланды.

Базарбай Бүркітбайұлы Оралбаев 1957 жылы Сарқан ауданы Ақтоғай ауылында дүниеге келді. Еңбек



жолын 1973 жылы Аягөзаралық теміржол торабында құрастырушылықтан бастады. 1975-1977 жылдары әскер қатарында болды. Әскерден келген соң теміржол саласына қайта оралды. Еңбекқорлығының және жеке жауапкершілігінің арқасында құрастырушылықтан бастап Қосқұдық теміржол бекетінің бастығы, ал 1997 жылы Қапшағай, 2009 жылы Талдықорған теміржол станциясының бастығы қызметіне дейін көтерілді. Талдықорған теміржол станциясында 2012 жылға дейін абыройлы қызмет атқарып, кәсіпкерлікке ауысты. «Агро Әмір Жұлдызы» ЖШС директоры, «Алтын алма» қоғамдық бірлестігі төрағасы, «Су арнасы», «Ақбұлақ» мекемелерінің директоры қызметтерін абыроймен атқарды. Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет грамотасымен, «Қазақстан темір жолына 100 жыл», «Бірт тұтас қазақ темір жолына 50 жыл», «Қапшағай қаласына 50 жыл», «Мұхаметжан Тынышбаевтың туғанына 130 жыл» мерекелік медальдармен марапатталған.

«Жанұя» отбасын қолдау, «Шарапат» арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарына, «Кәусар» лицей интернатына отбасы құндылықтарын насихаттау мақсатымен демеушілік көрсетіп жүрген Базарбай Бүркітбайұлы Оралбаевтың қалалық ардагерлер ұйымының жұмысына тың серпін береді деп ойлаймыз.

АЛАТАУ қаласы. Жақында Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың жарлығымен құрылған Алатау қаласы ардагерлер ұйымының алғашқы отырысы болып өтті. Алғашқы жиынға «Ардагерлер ұйымы Республикалық қоғамдық бірлестігінің Алматы облыстық филиалы төрағасы Е.Тұрымбетов, Алатау қаласы әкімінің орынбасары Г.Несіпбаева, Қожа Ахмет Яссауи мешітінің бас имамы Қ.Жұмахан және 12 шағын аудандардан шақырылған ардагерлер қатысты.

Күн тәртібінде «Ардагерлер ұйымы республикалық қоғамдық бірлестігі» Алатау қаласының филиалын құру, Алатау қаласы Ардагерлер ұйымы кеңесінің құрамын, Президиум мүшелерін және қалалық Ардагерлер ұйымының төрағасын сайлау жөніндегі мәселелер қаралды. Бірінші болып сөз кезегін алған облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Ерболат Сапарұлы Тұрымбетов Ел Президенті Қ.Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауының негізгі бағыттарына жан-жақты тоқталып өтті. Бұдан соң жаңадан құрылған Алатау қаласын құрудағы негізгі мақсат жол жерілері, инженерлік, әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін модернизациялауға, жаңа жұмыс орындарын ашуға, кәсіпкерлік белсенділікті дамытуға, салық түсімдерін ұлғайтуға және Алматы облысының инвестициялық тартымдылығы мен экономикалық тұрақтылығын жақсартуға мүмкіндік беру екендігін жиналғандарға кеңінен түсіндірді. Жаңа қала болған соң жаңадан бөлімдер мен ұйымдардың құрылатындығы-заңдылық. Соның бірі Ардагерлер ұйымы республикалық қоғамдық бірлестігінің Алматы облыстық филиалының Алатау қаласы ардагерлер ұйымы екендігін айтты.

Бұдан соң ардагер ұстаз С.Нұрғисаева сөз алып, Алатау қаласы ардагерлер ұйымы Президиум мүшелерін сайлау жөнінде өз ұсынысын айтып, ардагерлер ұйымы кеңесінің мүшелігіне осы өңірдің экономикасы мен әлеуметіне лайықты үлестерін қосқан 19 адамды ұсынды. Светлана Өрікбайқызының ұсынысы бойынша А.Юсупов, А.Мамедов, Р.Ушурова, С.Нұрғисаева, Р.Искакова, С.Панжасов, Р.Тотыбаева, Т.Исаева, М.Мамедов, О.Кенжеқұлов, Қ.Нұранова, Р.Ақшораев, Қ.Сәдуақасов, Ә.Тұқымбаев, С.Мауқымов, М.Айдарбаев, Ж.Қастеков, К.Жиенбаев, А.Қарабаев, Р.Ысқакова сынды ардагерлер кеңес мүшелігіне сайланды. Сондай-ақ 7 адамнан тұратын Президиум құрамы да белгілі болды. Алатау қаласы ардагерлер ұйымының төрағасы болып бірауыздан Асқар Махмұдұлы Юсупов сайланды.

Асқар Махмұдұлы Юсупов 1953 жылы Талдықорған облысы Панфилов ауданы Көктал ауылында дүниеге келді. Орта мектептен соң 1976 жылы Алматы зоотехникалық-мал дәрігерлік институтын мал дәрігері мамандығы бойынша бітіріп шықты. Алған мамандығы бойынша еңбек жолын Іле ауданындағы «Рассвет» ұжымшарында мал дәрігері болып бастады. Осы ұжымшарда жиырма жылдан астам бригадир, бөлім меңгерушісі, өндіріс басшысы сынды лауазымды қызметті атқарды. 1997-1998 жылдары Іле ауданының ветеринарлық қызметінің басшысы, 1999-2000 жылдары ҚР Ауылшаруашылығы Министрлігінің Іле ауданы бойынша аумақтық инспекциясының басшысы, 2000-2016 жылдары аудандық ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы лауазымдық қызметтерін атқарды. Бір мәрте Іле аудандық мәслихатының депутаты болып сайланды. Іле ауданының экономикалық-әлеуметтік дамуына қосқан үлесі үшін бірнеше мерейтойлық медальдармен, «Үздік ауылшаруашылығы маманы» төсбелгісімен марапатталды. Алматы облысының Құрметті азаматы. Кез-келген лауазымдық қызметте өзін шебер ұйымдастырушы, білікті басшы, тәжірибелі маман ретінде көрсете алған Асқар Махмұдұлы Юсуповтың жаңа ардагерлер ұйымының жұмысын барынша жандандыратындығына сеніміміз мол.

Роза АЙДАРБЕКОВА.



ЖАҢАЛЫҚТАР ВЕСТИ

Алматы облысында астық жинау аяқталуға жақын

Алматы облысында егін жинау науқаны басталғаннан бері 100 мың гектардан астам жерде 200 мың тоннадан астам астық жиналды, деп хабарлайды BAQ.KZ Ауыл шаруашылығы министрлігіне сілтеме жасап.



Облыс бойынша орташа өнімділік гектарына 20,6 центнерді құрайды. Қазан айында фермерлер жүгері мен күрішті жинай бастайды. Дәнді және бұршақты дақылдар 112 мың га, жүгері мен күріш тиісінше 50,4 мың және 6,7 мың га құрайды.

Жемшөп дақылдарының сегментінде айтарлықтай өсім байқалады: биыл 198,4 мың га, ал өткен жылы 190,2 мың га құраған.

Алматы облысы Ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Қуандық Чункуновтың айтуынша, мал шаруашылығын дамыту және өңірдің азық-түлік тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ағымдағы жылы жемшөп дақылдарына арналған егіс алқаптарын ұлғайтуға бағыт жасалды.

В Алматинской области реализуют шесть проектов

В Алматинской области до конца 2028 года хотят запустить шесть производств. В региональном акимате озвучили LS подробности.



По информации госоргана, в два этапа намерены запускать проект по строительству завода, где будут выпускать PUR/PIR-панели и панели из минеральной ваты. Инвестиции составят 7,3 млрд тенге. Мощность – 80,6 тыс. кв. м в месяц. Первый этап может заработать в следующем году, а второй – в 2026 году.

Через два года в области появится предприятие по утилизации и переработке стеклянной тары за 27,6 млрд тенге. Мощность объекта должна достигнуть 220 млн бутылок в год, или 240 тонн стекла в год.

В 2026 году может заработать завод по выпуску автоклавного газоблока за 7,6 млрд тенге. Здесь планируют ежегодно производить 300 тыс. куб. м в год. Рабочих мест – 100.

Алматы облысында Сібір жарасы анықталды

Алматы облысы Ұйғыр ауданы Үлкен Ақсу ауылынан Сібір жарасы анықталды. Ауылда шектеу енгізілді, деп хабарлайды Sputnik Қазақстан тілшісі.



Ұйғыр ауданының жұртшылығы бұл ақпаратқа үрке қарап, үйлерінен шығуға қорқып отыр. Тұрғындардың айтуынша, Үлкен Ақсу ауылында індетпен адам да, мал да ауырған.

«1-2 адамнан сібір жарасы анықталған. Індет ошағы болуы мүмкін деп мал, ет өнімдерін тасымалдауға шектеу қойылып, барлығы тексеріліп жатыр. Сібір жарасын жұқтырған жігіт өзінің сиырын сойған екен, содан жұқты деген күдік бар. Ауылдан адам шықпасын деген қаулы шыққан жоқ. Тек мал өнімдеріне шектеу қойылды. Ауыл тұрғындары малын қораға қамап ұстап отыр», - дейді ауыл әкімі.

Ал облыстық әкімдік карантин жарияланбағанын, уақытша шектеу ғана енгізілгенін жеткізді.

Жаңа мекеме есігін ашты

МЫҢБАЕВТА ӨТКЕН ШАРА

Жақында ғана Еңбекшіқазақ ауданына қарасты Шелек ауылдық округінің Жақсылық Үшкемпіров атындағы №3 спорт мектебінде Есік қаласындағы облыстық «Белсенді ұзақ өмір орталығының» Шелектегі филиалының ашылу салтанаты болып өткен болатын. Соның жанды жалғасы ретінде Жамбыл ауданының Мыңбаев ауылында да осындай шара болып өтті. Шараға «Алматы облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесінің өкілдері, аудандық, ауылдық ардагерлер ұйымдарының төрағалары, Есіктегі орталықтың бишілер тобы, Мыңбаев ауылдық Мәдениет үйінің жанынан құрылған «Өсиет» әжелер ансамблі, ауыл тұрғындары, ақсақалдар мен ауыл жастары қатысты.

Мемлекет басшысы 2024 жылы 30 шілдедегі «Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын бекіту туралы» жарлығына қол қойған болатын. Оның негізгі мақсаты-осы кезеңге дейін денсаулығының жалпы деңгейін арттыру және орташа өмір сүру ұзақтығын 77 жасқа дейін жеткізу.

Белсенді ұзақ өмір орталығының әр аудандарда ашылып жатқан филиалдары-қазыналы қарттарға арналған мемлекет басшысының тапсырмасы негізінде жергілікті жерлердегі «Белсенді ұзақ өмір орталығының» жұмысы арқылы орындалып жатқанының бір көрінісі.

Орталыққа қарайтын бұл ашылған филиалдың да алға қойған айқын мақсаты-зейнеткерлік жастағы адамдарды физикалық және психикалық денсаулығының ұзақтығын арттыру үшін белсенді мәдени, шығармашылық, спорттық және іскерлік өмірге әлеуметтендіру.

Жобаның міндеті қол жетімді демалыс, белсенді ұзақ өмір сүру мәдениетін қалыптастыру, бірыңғай ақпараттық базаны қалыптастыру, қоғаммен байланыс және әлеуметтену болып табылады.

Мыңбаев ауылында зейнеткерлерге есігін айқара ашып отырған филиалдың алдында да келешекте зор міндеттер тұрғаны анық.

Белсенді ұзақ өмір сүру орталықтарының негізгі басымдықтарының бірі-қарттардың денсаулығын сауықтыру арқылы нығайту.

Күн тәртібіндегі белгіленген шарада алғашқы құттықтау сөз кезегі Жамбыл ауданы әкімінің орынбасары Тұматаев Ақниет Тұрысбекұлына берілді. Одан кейін сөз кезегін алған «Алматы облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Айгүл Матанқызы Ахметова осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстар туралы толыққанды ақпарат бере отырып, келешектегі мін-



деттерге тоқталды. Алматы облысы бойынша орталықтың филиалдары қазан айында Ұйғыр, Кеген, Райымбек аудандарында, ал қараша айында Талғар, Іле, Балқаш, Қарасай аудандарында ашылуы жоспарлануда екенінен хабардар етті.

Одан кейін сөз алған «Белсенді ұзақ өмір орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Жания Сақташева да атқарып жатқан тірліктерін айтып, жаңадан ашылған Мыңбаев ауылындағы филиал ұжымына сәттілік тіледі.

Ауылдың байырғы тұрғындарының бірі ардагер ақсақал Есенкелсін Исағұлов бата берді. Арасында Есіктен келген орталықтың бишілер тобының және Мыңбаев ауылдық Мәдениет үйінің жанынан құрылған «Өсиет» әжелер ансамблінің өнерлеріне де кезек беріліп отырылды.

Мыңбаев ауылындағы «Белсенді ұзақ өмір орталығының» ашылу салтанатының лентасын салтанатты түрде қию рәсімін Жамбыл ауданы әкімінің орынбасары А.Т.Тұматаев пен Алматы облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқар-

масының басшысы А.М.Ахметова, сол сияқты ауыл ақсақалдары жасады.

Дәстүр бойынша жаңадан ашылған мекеме кілті ұжым мүшелеріне және қызмет алушыларға табыс етілді. Кілтті табыстау құрметі Еңбекшіқазақ ауданының өкілі, ардагер ақсақал Шаяхмет Құсайыновқа тапсырылды. Артынан ауыл әжелері шашуларын шашты.

Мыңбаев ауылдық округі ардагерлер алқасының төрағасы Сағи Қойшыбаев ауылда жаңадан ашылған орталық үшін алғыс сезімін білдіріп, келешекте бұл орталықтың халық игілігіне қызмет жасайтынына сендірді.

Сонымен ардагерлерге қызмет жасайтын орталықтар облыс көлемінде бірінен кейін бірі ашылып, халықтың, әсіресе, ауылдардағы үлкен кісілердің ризалығына бөленіп жатқаны анық. Уақыт талабына қарай ашылған мұндай мекемелердің алдында үлкен міндеттер тұр. Осы орталықтың жаңадан құрылған ұжымы да ауыл қарттарына тиісінше қызмет жасауға бекініп отыр. Келешекте Мыңбаев ауылындағы орталыққа ауыл ақсақалдары көптеп келіп, денсаулықтарын түзейді деген үміт бар. Ылайым солай болсын.

СИҚЫМБЕКТИҢ
Алтынбайы.
Жамбыл ауданы.

К 800-летию со дня образования Улуса Джучи (Жоши)

Напомним, в марте 2024 года, на общенациональном курултае в Атырау, президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев в своей речи затронул архиважные вопросы истории, национального кода и построения развитого государства, заявив, что Казахстан является наследником Золотой Орды.

«Казахстан является прямым преемником кочевой цивилизации Великой степи. Признанной вершиной государственного строительства на огромных просторах Центральной Евразии всегда выступал Улус Джучи, всемирно известный как Золотая Орда», - отметил Токаев. Он также подчеркнул, что геополитическое наследие этой средневековой державы стало основой для возникновения ряда евразийских государств, включая Казахское ханство.

Президент также подчеркнул важность того, чтобы восприятие Золотой Орды в мире было неразрывно связано с Казахстаном. Глава государства также заявил о планомерной работе по написанию новой академической истории Казахстана в семи томах. В этом проекте задействованы более 250 ученых, включая 60 иностранных специалистов. Один из томов будет полностью посвящен периоду Улуса Джучи.

Как мы знаем, в советское время, незадолго до окончания Великой Отечественной войны, изучение истории Золотой Орды было запрещено, так как это не соответствовало марксистско-ленинской теории. В это время историко-героический эпос «Едиге» (Идигей), общий для казахов, ногайцев, татар и башкир, считался реакционным. Эпос повествует о борьбе Едиге с ханом Токтамышем.

Многие известные ученые, такие как Е. Бекмаханов, К. Сатпаев, А. Маргулан и другие, подвергались преследованиям за свои научные труды. Однако сейчас наступило время, как говорится, собирать камни.

На территории Казахстана находится множество исторически значимых, знаковых мест и захоронений известных личностей. В Атырауской области, например, расположено городище Сарайшик, одна из столиц Зо-

В ПОТОКЕ ИСТОРИИ: УЛУС ЖОШИ И ХАНЫ–ЧИНГИЗИДЫ КАЗАХСКИХ СТЕПЕЙ



лотой Орды, где покоятся ординские ханы Тохта, Охас, Мамай и Жусип. В Туркестане, у мавзолея Ахмета Яссави, нашли последнее пристанище выдающиеся государственные деятели-чингизиды, такие как Касым и Есим, Жангир и Тауке, Абулхаир и Абылай и другие - всего 21 хан, 23 бия и 59 батыров.

В 2010 году археологи Евразийского университета имени Л.Н. Гумилева исследовали разрушенный мавзолей XIV-XV веков на южном берегу озера Жанибек-Шалкар. По мнению ученых, мавзолей был возведен в честь Жанибек-султана, одного из основателей Казахского ханства. Местоположение мавзолея указывает на территорию кочевий, родину и ставку султанов-джучидов Керей и Жанибека, которые создали Казахское ханство в XV веке.

Захоронение Джучи хана (Жоши) на благословенной казахской земле в Улытау — важный аргумент в пользу практической реализации новых президентских инициатив. Здесь же, у подножия горы Улытау также находится захоронение Алаша хана.

О древнем памятнике старшего сына Чингисхана - хана Джучи (Жоши) рассказал казахстанским СМИ кандидат исторических наук, доцент Владимир Осколков. По его

словам этот культурный памятник, без сомнения, имеет огромную этно-историческую ценность, охраняется государством и включен в список памятников республиканского значения. Был построен около 1227 года и по мнению учёных,

является усыпальницей хана Жоши (Джучи) - старшего сына Чингизхана. Согласно легенде, Жоши погиб под копытами стада куланов. В 40-х годах XX века мавзолей был исследован археологической экспедицией под руководством Алькея Маргулана - ученого-археолога, востоковеда, являющегося родоначальником казахстанской школы этнографических исследований и археологии. Именно он установил принадлежность усыпальницы Джучи и его жене. При эксгумации на его скелете археологи обнаружили отсутствие кисти правой руки и следы старой боевой травмы на черепе.

Символично, что в 2025 году Казахстан будет отмечать 800-летие со дня образования Улуса Джучи (Жоши), который занимает значимое место в традиции казахстанской государственности, потому что прошлое, настоящее и будущее нашей страны тесно переплетены с его историческим наследием.

Рамазан ЕЛЕШЕВ,
по материалам
казахстанских СМИ и
интернет-изданий.



Ардагерге арналған шара

ҚАЗЫНАЛЫ ҚАЛАМГЕР

Ұзынбұлақ ауылдық кітапханасының ұйымдастыруымен «Туған жерге тағзым» жобасы аясында, «Кітапхананың рухани әлемі» тақырыбында ардагер журналист Марат Тақабайұлымен кездесу сағаты өтті. Шараға қаламгер қария Марат Тақабаев, Мәдениет үйінің директоры Ұлан Нұрақынов және кітапхананың оқырмандары қатысты. Іс-шараның мақсаты өмірі өнегелі қаламгер Марат Тақабайұлының өмір жолы, еңбектерін дәріптеу, ұлттық қадір-қасиеттер, имандылық, үлкенді қадірлеу, үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсету керектігін түсіндіру.

Қазіргі таңдағы зейнет жасындағы ардагер журналист Тақабаев Марат Тақабайұлы 1945 жылы 13 қыркүйекте Алматы облысы, Кеген ауданы, Ақтасты ауылындағы ұстаздар отбасында дүниеге келген. 1962 жылы Сарыжаз орта мектебін, 1970 жылы Алматы қаласындағы Абай атындағы мұғалімдер дайындайтын институтын және 1981 жылы Алматы Зоотехникалық мал дәрігерлік институтын бітірген. Еңбек жолын қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі болып бастаған. 1966-1968 жылдары «Ұзынбұлақ» асыл тұқымды қой совхозында бастауыш комсомол ұйымының секретары, 1968-1969 жылдары Ыдырыс Көшкінов атындағы және Ақсай орта мектептерінде мұғалім болып жұмыс істеді. 1969-1971 жылдары Кеген аудандық комсомол комитетінің екінші секретары болып сайланды, 1971-1974 жылдары Кеген аудандық партия комитетінде нұсқаушы, 1974-1983 жылдары «Ұзынбұлақ» асыл тұқымды қой совхозында партия комитетінің секретары, 1983-1990 жылдары Қазақстан Компартиясы Кеген аудандық комитетінің екінші секретары, 1990-1994 жылдары «Жылысай» қой совхозының директоры болып қызмет атқарды. 1994 жылдың қаңтар айынан 2008 жылдың желтоқсан айына дейін Ұзынбұлақ ауылдық округінің әкімі жұмыстарын абыроймен атқарып, зейнеткерлікке шықты.

Сонымен бірге, қаламгерлік пен қайраткерлікті қатар алып жүрді.

2012 жылдан Ұзынбұлақ ауылдық ақсақалдар алқасының төрағасы болып, қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, бүгінде ақсақалдармен бірге жұмыс атқарып келеді. Жұмыс істеген жылдарында бірнеше рет ауылдық және аудандық кеңестің депутаты, Кеген аудандық партия комитетінің пленум мүшесі, Алматы облыстық партия комитеті тексеру комиссиясының мүшесі болып сайланды. Жазған әңгіме, новелла, очерк, мақалары республикалық баспасөз беттерінде, облыстық «Жетісу», аудандық «Қарақара» газеттерінде үзбей жарияланып келеді. 2006 жылы «Бақыт баспалдақтары», 2014 жылы «Ағалар аманаты» атты кітаптары жарыққа шығып, оқырманға жол тартты. Басқа да публицистикалық және естелік мақалалары 7 кітапта жарық көрді. Атап айтқанда, Райымбек ауданының 70 жылдығына арналып шығарылған «Райымбек батыр мекені» атты кітапта «Таланттыларды табындырған өлке» атты мақаласы, «Алаш тұлғалы» атты ҚР ҰҒА-ның академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Кеңес Нұрпейісұлы туралы естелік кітабы, 2010 жылы «Ауылға деген ықыласы ерекше еді» атты мақала толғаныстары жарық көрді. Еңбек жолында еліміздің 5 медалімен, ҚР-ның тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтың Алғыс хатымен, бірнеше құрмет грамоталарымен марапатталған. Райымбек ауданының құрметті азаматы.

Жан жары Бүбіхан Нүсіпова мұғалім. Төрт бала тәрбиелеп өсірді. Балалары жоғары білім алды. Бүгінде әр салада қызмет жасайды. Немере-шөбере сүйіп отырған, ауылдағы үлгілі отбасылардың бірі.

«Ағалар аманаты» кітабына алғысөз жазған журналист Төлепберген Байлы ағамыз: - «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын!». Халықтың мұндай жарқын тұжырымын өнегелі өмір жолымен айқындап, соған сай лайықты іс-қимылмен бой көрсетіп жүрген азаматтар баршылық. Ондай жандарды жылы лебізбен атап, көпке үлгі тұтудың өзі-бір ганибет. Қолынан қарымды



қаламын түсірмей, оны алғыр оймен, парасаттылығымен нәрлеп, демдеп келе жатқан қария туралы толғасақ, оқырман жұртшылыққа таныстырсақ артық болмас. Аудандық газетпен, басқа да басылымдармен байланысын үзген жоқ, үзбейтіні де анық. Мәкеңнің жазған хабар, мақала, корреспонденция, суреттеме, очерк, көркем әңгімелері аудандық газеттен тартып, облыстық, республикалық газет-журналдарда жарық көргенін көзі қарақты оқырман біледі. Жылдар тізбесіндегі газет-журнал тігінділерін парақтасақ мен мұңдалап, жанарға жылы ұшырайды. Алғашқы еңбек қадамын өзін түлеткен алтын ұя-мек-

тептен бастаған Мәкең одан бері де комсомол, партия, шаруашылық жұмыстарына тынбай, белсене араласып, тапсырылған жауапты міндеттерді білім-білігімен, абыройлы атқаруымен халық ризашылығына бөленді десек, асыра айтқандық емес. Сондай-ақ, аудандық комсомол, партия комитетінің хатшысы, совхоз директоры, ауылдық округ әкімінің қызметтерінде де жазуға уақыт тапты. Көкейдегі ой-пікір, ұсыныс, түйінді мәселелерді баспасөз арқылы ортаға салса, игілікті істерді, еңбек пен түрлі кәсіп озаттарын таратып жазып, көпшілікке таныстырып отырды. Жас ұрпақ тәрбиесіне, білім алуына, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты бойларына сіңіріп өсуіне, тілін, дінін, ділін берік ұстанып, кір шалдырма-

отырмын. Кездесуімізді атамyzдың әңгімесімен өрбітсек, ойымызда жүрген сұрақтарды қойсақ,- деген Ұзынбұлақ ауылдық кітапханасының кітапханашысы Зинагүл Күнесбай іс-шараның маңызына тоқталып, өңірімізде әкелер мектебі құрылғандығын айта келе, журналист ағамызды осы бастама аясында ұрпақ тәрбиесіне қажетті кеңестерімен бөлісуге шақырды.

Кездесу барысында ардагер журналист Марат Тақабайұлы өмірінің қызықты сәттерін, оқырмандарға қиындығы мен қызығы қатар жүретін журналист мамандығының сырларымен бөлісіп, өз тәжірибесінен әңгіме өрбітті. Мектепте жүргенде-ақ еңбекқорлығымен көзге түскен ардагер ағамыздың есте қалар естеліктері мен қызықты сәттері көп-ақ екен. Әрине, бір ғана кездесумен қаншама оқиғаны айтып, әңгімелеу біте салмайды. Оқырмандар Марат Тақабайұлының әңгімелерін зейін қойып тыңдай отырып, өз кезегінде сұрақтар қойып отырды.

- Көп оқып, іздену керек, халықты сүю керек, шындықты жазу керек. Жалқау болмай, бастаған ісін болса соның нәтижесіне жету керек,- деп, Марат Тақабаев өз ойымен бөлісті, жас ұрпаққа ақ тілегін айтты.

Құдайберген Егізекөв, ауыл тұрғыны:

-Үлкендер жолы-ұлылық, ұрпағы жүрер ұғынып!- демекші, кітапхана оқырманы, замандасым, кітап қадірін жете түсінген Марат Тақабаевпен кездесіп отырмыз. Кітапхана - рухани демалып, бұрын білген және білмегенді танитын керемет жер. Жақсы кітапқа деген қажеттілік ішкі мәдениеті бар адамдарда ғана туындайды. Бұл шара жас ұрпаққа үлгі болуы тиіс.-деді.

Мәдениет үйінің директоры Ұлан Нұрақынов әсерлі әңгімесімен бөлісіп, әкеге деген құрметін көрсетті.

Кездесу соңында ардагер қаламгер ризашылығын жеткізіп, елдің амандығын, тыныштығын тілеп, ақ батасын берді.

Дәурен ЕРМЕКБАЙ.
Кеген ауданы.

Замандас туралы бірер сөз

КӨПТІҢ БІРІ ЕМЕС, БІРЕГЕЙ

Ана-өмірдің шуағы, Әке-отбасының тұрағы. Бала-жайқалған құрағы,Түгел болса осы құрамы, Бақыт гүл атып тұрады. Осынау ұлағат ұялаған қысқа да нұсқа ұғым Іле ауданы, Ащыбұлақ ауылдық округі Аналар кеңесінің төрайымы Гүлжан Дауытқұлқызы Құлымбаеваның өмірбаянына дөп келіп, өнегелікке жөн сілтеп тұр десек, артық айтпаймыз.

Оның ұстаздық қызметі өз алдына, ал қоғамдық жұмыстағы ерекше елгезектігі мен тынымсыздығы, адам тани білудегі қабілет-қарымы назар аудартап қоймайды. Қашан да Ащыбұлақ ауылының жақсылығы үшін жаны ауырып, жүгіріп жүргенін көргенде еріксіз риза боласың. Мектептегі тәлім-тәрбие жұмысын қоғамдық қызметімен тығыз ұштастыра жүргізіп, ұжымның беделін көтеру екінің бірінің қолынан келе бермейді. Демек, Гүлжан Дауытқұлқызының адам тәрбиесі ардақты қасиет деп, саналы түрде мән беріп, адал қызмет атқаруының астарында жасында көрген тәлім-тәрбиенің әсері-ау деген ойды түйіндетеді. Расында да солай екен.

Әкесі Шолпанқұл Құлымбаев 1941 жылы соғыс басталар алдында еңбек жолын жаңа бастаған екен. Алдыңғы қатардағылардың бірі болып майданға аттанады. Ұрыс даласында ширақтығымен көзге түскен батыл азамат кіші командир дәрежесіне көтеріледі. Қандай тапсырманы болмасын тап-тұйнақтай атқаратын елгезек командирге тіл алып келу оңайға соқпайды. Қанша сақтық жасап, білдіртпей барғанымен жай жағы байқап қап оқ жаудығанда еріксіз шайқас басталып кетеді.

Барлау тобының жетекшісі болып барған Шолпанқұл бір өзі 14 немісті жайратып салып,біреуін «тіл» ретінде тұтқындайды. Осы ерлігі үшін Ұлы Отан соғысының екінші дәрежелі орденімен марапатталады. Бұл Шолпанқұлдай батыр жауынгердің бір күнде жасаған ерлігі ғана. Ол 4 жылдай соғыста жүріп, ұлы Жеңіске айтарлықтай үлес қосып, аман-есен ауылына оралады.

Келісімен бірден еңбекке араласты. Арасында келісімен көтеріп, Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтын бітіріп, мектепте ұстаз болады. Ол Алматы облысының Ұйғыр, Нарынқол, Қаскелең аудандарында ұлағатты ұстаз ретінде көрінсе, Іле ауданы құрылған кезде іскер басшылығымен көзге түсті. Аудандық



кеңес төрағасы қызметін мінсіз атқарды. Жаңа құрылған ауданның экономикалық және әлеуметтік жағдайын көтеру бағытында өз бойындағы қабілетін барынша жұмсай білді. Қоғам мүлкіне қол сұғуды білмейтін білікті басшы қашан да қайырымдылығымен көпке ұнады. «Биттің биіктігінің де иілмейтін иттігі» болады демекші, бюрократтық қылықтан мүлде ада болып, адал басшы атына кір келтірмеді. Адамгершіліктің биігіне апаратын даңғыл жол адалдық деп ұқты. Оның осынау қасиетін жерлестері күні бүгінге дейі сүйсіне әңгімелеп, қимастықпен еске алып отырады.

Гүлжан қарындасымыздың анасы да әкесі сияқты өз өмірін өнегелі өткізіп, адам денсаулығын сақтау саласында жемісті еңбек еткен абзал жан екен. «Аурудың қан тамырын ұстаған дәрігерлер мейірім төккен перішпеге ұқсаған», - деп қаламгерлер тілге тиек еткен мамандықты меңгерген Нәзік атты ару Шолпанқұлдай сері жігітке Алла қосып серік болыпты. Сол кездегі қиындықпен алысқан, адал көңілмен табысқан жас отбасының сыйластықтары береке-бірлік-

тің арқасында көпке үлгі болады. Қоғам алдындағы қызметтерін мінсіз атқара жүріп, біртіндеп дүниеге келе бастаған сәбилердің алаңсыз өсуіне қатты мән береді.

Отбасындағы оттай ыстық тату-тәттілікті ең бірінші ойластыратын, нақты іске асыратын әйел ешқашан да қателеспейді. Отағасын үй шаруасына алаңдатпай балалардың оқу-тәрбиесін өз мойнына алып,, бағып-қағып саналы азамат етіп шығару кімге болса да оңай соқпайды. Ол үшін қажыр-қайрат, аналық мейірім, жылы жүрек, әр балаға деген сүйіспеншілік ана назарынан тыс қалмауға тиіс. Мұндай қасиет Нәзік анада асып-төгіліп жатқандай әсерге бөлейді. Шолпанқұл аға мен Нәзік ападан тараған Бақыт, Мұхит атты ұлдары мен Гүлжан, Наржан, Маржан, Нілжан, Гүлмира атты алтындай қыздарының барлығы-жоғары білімді азаматтар. Олар өздері тандаған мамандықтары бойынша әр салада белсенді қызмет атқарып, еліміздің дамуына лайықты үлестерін қоса білді.

Міне, ерлі-зайыпты екі адамнан тараған ұрпақтарына көз жүгіртсек, әрқайсысы жөнінде келелі әңгіме қозғауға болады. Соның бірі Гүлжан Дауытқұлқызы жайлы бөлек әңгіме-леуді жөн көрдік. 50 жылға жуық өмірін әкесі сияқты білім беру саласына жұмсаған білімді де білікті ұстаз күні бүгінге дейін қоғамдық өмірден қол үзбей, Ащыбұлақ ауылының абыройы үшін белсенділіктен жұмыс жасап келеді. Аналар кеңесінің төрайымы ретінде атқарған жұмыстары ауыз толтырып айтарлықтай. Зейнетке шықса да бұл қоғамдық жұмысты атқарып жүргендігі әкесі мен анасының өнегелі тәрбиесінің арқасы деп білемін. Дегенмен, «Сөйлеп кетсе пешен, бастап кетсе көсемдік» қабілетінің бар екендігін де жоқа шығаруға болмайды.

Сонау тәуелсіздіктің алғашқы кездеріндегі ала шапқында мектеп директорлығына тегін тағайындалмаса керек. Міне, осы тұста тәжірибелі ұстаз басшылық қызметін барынша шебер пайдаланып, қат-қабат туындап жататын қиындықтардың жолын тауып, мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарын биікке көтере алды. «Ұстаз түзелмей ұрпақ түзелмейді» деген қанатты қағидаға сай мұғалімдердің алаңсыз қызмет етуіне лайықты жағдай туғызуға

тырысты. Ол кезде жекешелендіру науқаны асығыс жүргізіліп, жемқорлық жендеттерінің жаппай қаулап өсуін туындатпақты ма?! Талай мекемелер жойылып, үлкен өндіріс орындары бірінен кейін бірі тым арзан бағаға сатылып жатты. Ауыл, аудандар қысқарып, жұмыссыз қалған көпшілік шама-шарқынша басты қалаларға жаппай көшпеді ме?! «Арқа жайлы болса , арқар ауып несі бар» демекші, жан-жақтан бала-шаға қамы деп көші-қон көбейіп кетпеді ме?!

Сол көштің біразы Алматының іргесінде тұрған Ащыбұлақ ауылына келіп қоныстанды. Басқа қиындықты сөз етпегенде ең керекті оқу орны мектепке басқа жақтан келген оқушыларды қабылдау қиынға соқты. № 19 орта мектептің тарлығы, жылу жүйесінің қаржыға байланысты қиылып қалуы жаңа директордың жұмысына қолбайлау болды. Үкіметтің ол кезде мектептер түгілі ірі кәсіпорындарды сақтап қалуға деген қауқары жоқ-ты. Енді қайтпек? Ақыры өз ауылына жаны ашитын, біртіндеп шыға бастаған кәсіпкерлерден көмек сұрап, мектепке қосымша парта, орындықтар алып, жылу жүйесінің орнына пеш салдырып, оқуды үзбей жалғастыруды қамтамасыз етті. Өзі директор кезінде тек орыс тіліндегі мектепте біртіндеп қызық тілі сыныптарын аштырып, ана тілінің мәртебесін көтеруді кеңінен ойластырды.

Ағылшын тілі қазіргі уақытта тіршілік етудің басты тірегіне айналған халықаралық тіл десек, осынау айтулы тілді жоғары дәрежеде меңгеріп, оны өз ауылының оқушыларына дарытқан Гүлжан Дауытқұлқызының ұстаздық қызметінің құндылығы айқындала түседі.

Гүлжан Дауытқұлқызының қызмет барысында облыс, аудан, ауыл басшыларының Құрмет грамоталарымен қоса «Қазақстан Тәуелсіздігіне-30 жыл», «Білім беру саласының үздігі», «Жылдың үздік мұғалімі» төсбелгілерімен марапатталуы көптің бірі емес, бірегейі екендігін айқындап тұр. 2 ұлды ұясына, 1 қызды құтты орнына қондырып, алты немере, бір шөбере сүйген әдемі әже. Гүлжан Дауытқұлқызының әлі де болса өз ауылының абыройын көтеріп,мәртебесін биіктете беруге белсене атсалысатындығына біз нық сенімдіміз.

Манар ҚҰРМАНБЕКҰЛЫ,
еңбек ардагері.
Іле ауданы.

Аудандық шара

Ағымдағы аптаның сейсенбісінде Б.Мұқай атындағы аудандық мәдениет үйінде «Райымбек аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ мен Алматы облысы «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы Райымбек аудандық филиалының ұйымдастыруымен «Тіл-татулық құралы» атты аудандық фестиваль өткізілді. Шараға аудандық кітапхана, мәдениет үйі, «Жастар ресурстық орталығының» қызметкерлері, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, аудан жастары қатысты.

ТІЛ
ФЕСТИВАЛІ
ӨТКІЗІЛДІ

Қазақстандағы тіл күніне орай облыста және аудандарда шілденің 15 мен тамыздың 15-і аралығы «Тіл айлығы» болып жарияланып, маңызды мәселе аясында көптеген игі істер жүзеге асырылғаны анық. Мұндай игі істерден Райымбек ауданының тіл жанашырлары да қалыс қалған жоқ.

Мекемелер мен құзырлы орындарда, қоғамдық ұйымдарда тілге қатысты түрлі тақырыптарда мәдени, әдеби, танымдық шаралар ұйымдастырылды. Мемлекеттік тілдің іс қағаздарындағы қолдану аясы, ауызекі сөйлесу арқылы қарым-қатынас орнатудағы маңыздылығы, Қазақстанда жасап жатқан ұлттар мен ұлыстардың мемлекеттік тілге деген қадір-құрметі дерек-дәйектер арқылы бағаланды. Жетістік-кемшіліктері сараланды. Міне, енді өткізілген айлықтың түпкі нәтижесі «Тіл фестивалі» деген атпен аудандық мәдениет үйінде қорытындыланып отыр.

Шара барысында алғашқы сөздің тиегін ағытқан аудандық мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі басшысының міндетін атқарушы Ботагөз Тұңғатарова мемлекеттік тілдің мәртебесі мен маңыздылығы туралы әңгіме өрбітті.

Құрметті көпшілік, еліміздегі тіл мерекесінің Алаш

арысы, ұлт ұстазы, ақын, аудармашы, мемлекет және қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының туған күнімен тұспа-тұс келуі – оның дара тұлғасына көрсетілген құрметтің ең биік үлгісі, – деген Ботагөз Мәуленбайқызы Алаш арысының қазақ тіліне сіңірген еңбегіне де қысқаша тоқталды. Бүгінгі таңда елімізде жүргізіліп отырған тіл саясаты толеорантты тілдік орта қалыптастыруда аса маңызды қоғамдық-саяси әлеуметтік-мәдени құндылықтардың ең негізгі бөлігі болып саналады. Сондай-ақ, еліміздегі түрлі этнос өкілдерінің тату-тәтті, ынтымақ-бірлікте ғұмыр кешуіне тіл саясаты тікелей ықпал етеді. Халқымызда «Тіл – ұлттың тірегі» деген қанатты сөз бар. Сондықтан тілімізге тіреу, Тәуелсіздігімізге сүйеу болайық. Мемлекеттік тіліміздің мәртебесі арта берсін! – деп сөзін түйіндеген бөлім қызметкері аудандағы әр салада еңбек етіп жүрген бір топ тіл жанашырларына аудан әкімінің Алғыс хатын салтанатты түрде табыстады. Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеріп, абыройын асыруға қосып жүрген үлестеріне үшін ризашылық білдірді. Мерейлі мерекемен құттықтап, дендеріне саулық, еңбектеріне табыс тіледі. Тіл фестивалі мерекесі аудандық мәдениет үйінің Құрмет-жан Ербақ, Мәдина Бейсенбинова, Ермек Әшімбаев, Олжас Ыбырайымов сияқты күміс көмей, жезтаңдай әншілерінің әуелете салған әсем әуендерімен ажарланды.



Айдана МЕЛІС,
Облыстық «Тіл» оқыту-әдістемелік орталығының Райымбек аудандық филиалы жетекшісі.
Райымбек ауданы.

Отбасылық құндылық

ӘЙЕЛГЕ!

КҮЙЕУІНДІ ПІР ТҰТСАН...

Әй болашақ жар, аяулы ана, бақыттың кілтін сұрасаң, құлақ сал!
-Күйеуіңнің көзінше үнемі әсем киін. Ол үшін ғана хош иістенуді әдетке айналдыр.
-Әрдайым күйеуіңнің сүйікті тамағын дайындауға тырыс. Оның ұйықтайтын уақыты мен тамақ ішетін уақытына сақ бол.
-Оның кемшіліктерін басқа ортада жасыр. Ол үйге қуанып келсе, қамығып қарсы алма, ал қамығып келсе, қабағы ашылғанша қарайлап сөйлес.
-Босағаның беріктігі қанағаттан бастау алады. Қанша дүние тауып келсе де шүкіршілік етуші бол.
-Үйден шықсаң, оның рұқсатын ал немесе оған ескерт.
-Сенің сұлулығыңды көруге ең лайықты адам күйеуің болғандықтан көшеде ашық киініп жүруден өзінді тый.
-Күйеуіңді разы ететін амал саған құлшылық болып жазылатынын естен шығарма.
-Ол сені шақырса, қазанның басында тұрсаң да бас тартпауың керек.
-Ол үйде жоқ кезде дүние-мүлкіне аманат деп қара.
-Үйіңе қонақ шақыратын болсаң, еріңмен кеңес.
-Күйеуің орынсыз ренжіткен әйел оны разы етпейінше Алла ол әйелден разы болмайды.
-Күйеуі тұрып әйелі бұрын сөйлегеннен без. Ол әйелдің өз анасынан тәлім-тәрбие көрмегендігін аңғартады.
-Әдепті әйел ерінің көзінше оның рұқсатын алмай басқа еркекпен сөйлеспес болар.
-Араларыңдағы сырды сақта.
-«Әр ұлттың артында әйел тұрады» деген бабалар.
-Оның «бар тапқаным бала-шағама бұйырса» деп жүргенін ұмытпа.
-Күйеуің үйде жоқта балаларына оның тек жақсы қасиеттерін айт. Оның жаман жақтарын ешуақытта айтушы болма. Балалар анасының сөзіне сеніп, оны жек көріп, арада жік пайда болатынын ұмытпа.
-«Күйеуің тыңдатқысы келген әйел оның айтқанын істесін» деген.
-Күйеуіңе «Сенен ешуақытта жақсылық көрген емеспін» деп айтушы болма.
-Ерінің қабағына қараған әйел Алланың назарына иіледі.
-Еркек үйіне асықса, әйелінің жақсы адам екенін білеміз. Еркегі үйден безсе, кінә еркекте емес, әйелде. Еркек жақсы әйелден ешуақытта кетпейтінін есте сақта.
-Ерінің қабағына қараған әйел Алланың назарына иіледі. Әйел өзінің еркек емес, әйел екенін сезініп, күйеуің пір тұтып, оған әрдайым бағынатын болса, жаннаттың төріне қалаған есіктен кіре алады.

ЕРКЕККЕ!

ӘЙЕЛ – АЛЛАНЫҢ БЕРГЕН СЫЙЫ

-Әйелің-балаларыңның анасы, сенің сырыңның иесі, отынның көзі, тамағыңды әзірлеуші, жұмыстан кешіксең, уайымдайтын, сенің киімінді жууды өзінің міндеті еткен жалғыз адам.
-Оның аузына салған бір түйір наның-садақа. Ол-сенің көзіңнің қуанышы, тәніңнің тыныштығы.
-Оның қолынан ұстасаң, саусақтарыңның арасынан күнәлерің төгіледі. Ол-сенің жан-жарың.
-Әйелдің қисық қабырғадан жаратылғанын ұмытпа. Түп-түзу етем деген адам сындырады. Оның бойындағы кемшіліктері табиғатынан екенін біл.
-Жақсы әйел деген мүлдем кемшілігі жоқ әйел емес. Кемшілігінен жақсылығы көп әйел.
-Араларыңа от салу шайтан үшін-басты міндет. Ойнап болса да «ажырасам» деген сөзді айтпа.
-Төсектерің бөлек болмасын.
-Оның кемшілігін көрсең, артынша жақсы қасиеттерін есіңе ал.
-Туыстарының абыройына тиіспе.
-Тамағы уақытында дайын болмаса, ашуланба.
-Әйел ердің қабырғасынан жаратылғандықтан әйелін орынсыз сөккен ер өзін қорлаған болады.
-Әйелінді бөтен адамдардың көзінше кемсітпе.
-Сен сырласпасаң, сериалмен сырласатынын ұмытпа.
-Сенің аз ғана айтқан жылы сөзің оның жүзіне шуақ сыйлайтынын ұмытпа.
-Шаршап тұрсаң да, әйеліңе көңіл бөл.
-Өзің жеген тамақты әйеліңе де жегіз.
-Өзіңе киім алсаң, әйелінді де ұмытпа.
-Жұбайына жұмсақ болған ер-адамдардың абзалы.
-Әйел-Алланың саған өмірлік серік етіп берген сыйы. Ол сыйдың бағасын қадірлей біл.

Баспаға әзірлеген
Алтынбай ШӘКЕНҰЛЫ.

ҮШ НӘРСЕ

Қайтарып алуға болмайтын үш нәрсе:
Уақыт. Айтылған сөз. Мүмкіндік.

Өмірде сенуге болмайтын үш нәрсе:
Арман. Сәттілік. Байлық.

Өмірдегі ең қымбат үш нәрсе:
Махаббат. Сендіре алу. Достық.
Ешқашан жоғалтуға болмайтын үш нәрсе:
Сабырлық. Үміт. Ар-ұят.

Адамды анықтайтын үш нәрсе:
Еңбек. Адалдық. Жетістік.

Адамды бұзатын үш нәрсе:
Арақ. Менменшілдік. Ашу.

ОЙ САЛАР СӨЗ

Ұят қайда кеткен?
- Бұл әлемде кім күшті?
- Мен күшті!
- Геракл, ал сенен кім күшті?
- Менен тек өлім ғана күшті!
- Әй, өлім, сенен кім күшті?
- Оны Қазақ біледі, Қазақтан сұрандар.
- Қазеке, өлімнен кім күшті?
- Ұят күшті, ұят..
- Ұят, сенен кім күшті?
-...
- Ау, ұят-ау, мен сенен сұрап тұрмын ғой?!
- Не айтам? Мен жоқпын қазір. Мына заман мені жоқ қып тастаған.

Дайындаған
Алтынбай ШӘКЕНҰЛЫ.